



**АСТАНА**

**АҚШАМЫ**

## «АЛПАМЫСТАН» ЖЕТКЕН «АМАНАТ»

Астанадағы М.Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театрында ұлтымыздың «Алпамыс батыр» қаһармандық эпосы негізінде «Аманат» спектаклінің премьерасы өтті. ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған қойылымды Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Бекболат Парманов сахналады.



«Жаңа қойылымның ерекшелігі эпостың орыс тілінде сахналауында болып отыр. Қазақша «Алпамыс батырдың» неше түрлі нұсқалары қойылды. Ақселеу Сейдімбек оны проза тіліне түсірді. Еркеғали Рахмадиев сондай атаумен опера қойды. Кейінгі жылдары бұл туралы мультфильмдер түсірілді. Біз спектаклімізде эпостың қазіргі күндегі мән-маңызына, бүгінгі қоғамға беретін тәрбиелік мәніне үнілдік. Бір сөзбен айтқанда, «Алпамыс батырда» айтылатын ойды орыстілді көрермендерімізге жеткізуді парыз санадық» дейді аталмыш театрдың директоры Еркін Хасенов.

Ал қойылымда Алпамыс батырдың бейнесін сомдау Максим Ященкоға бұйырды. Гүлбаршынның рөліне жас актриса Наталья Маштакова таңдалды. Жалпы, бұл қойылымға қатысқан актерлердің көбісі – кейінгі 4-5 жылдың көлемінде Қазақ ұлттық өнер университеті түлеткен жастар. Қойылымда актерлер орындаған қазақ әндері мен тұрмыс-салт жырларын көрермендер ерекше ықыласпен тыңдады. Әртістер «Туған жер» сынды әндер мен «Жоқтауды» алып шыға білді. Сондай-ақ, спектакльде қолданылған домбыра, қылқобыз, жетіген, шаңқобыз, сыбызғы сияқты ұлтымыздың аспаптары да эпос идеясын тамаша ашты.

«Алпамыс батыр» қаһармандық эпосы барша түркі тілдес халықтарына ортақ әдеби мұра болып саналады. Спектакль атын «Аманат» деп қойғанымыздың басты себебі – ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа аманат болып жеткен бұл эпосты кейінгі жастарға жеткізуді міндетіміз деп ойладық. Біз өз алдымызға ұмытылмайтын, көркемдік жағынан ерекше, сахнадан ұзақ жылдар бойы түспейтін спектакльді жасауды мақсат етіп қойдық және де сол мақсатқа жеткен сияқтымыз» дейді қоюшы режиссер Бекболат Парманов.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**